



201__ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«__» _____ 201__ г.

№ _____

№ исх: 11-21/4031 от: 04.02.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына,
«Нұр Отан» партиясы
Фракциясының мүшелеріне**

2016 жылғы 8 желтоқсандағы № ДС-175 сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің орман шаруашылығының кейбір мәселелеріне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

1. Түбірімен босатылатын сүрек үшін төлемақы мөлшерлемелерін ұлғайту бойынша.

Салық кодексінің қолданыстағы нормаларына сәйкес түбірімен босатылатын сүрек үшін төлемақы ставкалары жыл сайын индекстеліп тұратын ең төменгі есептік көрсеткіштің негізінде анықталады.

Ағаш дайындау қызметі шығындарының қалыптасқан құрылымда сүрек үшін төлемақы үлесі кәделік жұмыр ағаш материалына арналған сату бағасының 10-15% мөлшерінде (төлемақының орташа құны 1 текше метр үшін 1485 теңгені құрады, сату бағасы 1 текше метр үшін 10000 теңгеден 14000 теңгеге дейін құбылып тұрды), отындық ағашқа 5% мөлшерінде (түбірімен босатылатын отындық ағаштың орташа құны 1 текше метр үшін 279 теңгені құрады, орташа сату бағасы 1 текше метр үшін 6000 теңгені құрады) болып отыр.

Түбірімен босатылатын сүрек үшін төлемақының ұлғайтылған мөлшерлемелерін қолданысқа енгізуге болады деп есептейміз, алайда жаһандық дағдарысты және бұл түзетулердің бүкіл ағаш өнімінің бағасын қымбаттатып, халық арасында әлеуметтік шиеленіс туғызатынын, ал төлемақы мөлшерлемелерін әлденеше мәрте ұлғайту ағаштың заңсыз кесілуін көбейтіп жіберуі мүмкін екенін ескере отырып, осыған байланысты түбірімен босатылатын сүрек үшін базалық мөлшерлемелерді кезең-кезеңмен ұлғайту ұсынылады.

2. Ағаш материалдарын шет елдерге әкету мәселесі бойынша.

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2013 жылғы 5 наурыздағы № 33 шешіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде үшінші елдермен саудада Кеден одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын Бірыңғай тауарлар тізбесі бекітілген. Бұл шешім «өңделмеген ағаш материалдары» атауын қамтитын ТН ВЭД ТС 4401 10 000, 4401 31 000 0, 4401 39, 4403 10 000 – 4403 20, 4403 91 – 4403 99, 4404, 4406, 4407 10, 4407 99 980, 4707 кодтарына қатысты.

Бұл шаралар сүректі терең өңдеуді ынталандыру үшін енгізілген, олар отандық қазақстандық ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарына жеке орман ресурстарын неғұрлым толық пайдалануға, сүректі терең өңдеуді дамытуға, ішкі және сыртқы нарыққа дайын өнім шығаруға, инвестициялар тартуға, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік органдар қолданып жатқан шараларға байланысты ағаш материалдарын республикадан тысқары жерлерге шығаруға кеден баждарын енгізудің қажеті жоқ деп есептейміз.

3. Орман ресурстарын сүрек дайындау үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру мәселесі бойынша.

Қолданыстағы орман заңнамасы орман пайдалануды шектеуге, тоқтата тұруға немесе тоқтатуға мүмкіндік беретін шаралардың, оның ішінде шектеу сипатындағы шаралардың жеткілікті мөлшерін қамтиды.

Ағаш ресурстарын үш жылдық кезеңге беру жөнінде Сіздер ұсынып отырған мерзім тым аз. Ағаш өңдеу өнеркәсібін құру жөніндегі инвестициялық жоба іске асырылған жағдайда құру (салу) және оның өтелу мерзімі кем дегенде 5-7 жылға жетеді. Шикізатпен қамтамасыз етуде беймәлім жағдайдың орын алуы ағаш дайындау мен ағаш өңдеу қызметінің онсыз да нашар инвестициялық тартымдылығын төмендетіп жібереді.

Ұзақ мерзімді орман пайдаланушыларға бекітіп берілмеген мемлекеттік орман қорының учаскелерінде сүрек дайындау мәселесінің шешімін қазіргі кезде Ауыл шаруашылығы министрлігі мемлекеттік орман иеленушілерге мемлекеттік орман қорының учаскелерінде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді жүзеге асыру құқығын беру жолымен пысықтауда.

4. Мемлекеттік мекемелер мен табиғат қорғау мекемелерінің сүрек дайындау және сату мәселесі бойынша.

Орман кодексінің 112-бабына және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңның 38-бабына сәйкес орман және табиғат қорғау мекемелерінің өздерінің негізгі қызметіне жатпайтын аралық мақсатта пайдалану үшін және өзге де мақсаттарда ағаш кесу және басқа да, оның ішінде халықты отынмен қамтамасыз ету үшін ағаш кесу кезінде алынған сүректі өңдеуден алынған тауарлар мен өнімдерді, сондай-ақ жанама орман пайдалану өнімдерін өткізу және сүрек өңдеу жөнінде қызметтер көрсету есебінен қаражаты болуына құқылы.

Орман және табиғат қорғау мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден алынған қаражатты пайдалануы Бюджет кодексінің 70-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Орман иеленушілердің жұмысын экономикалық ынталандыру, есептік кеспеағашты басты мақсатта пайдалану үшін толық игеруді қамтамасыз ету, орман өсіру талаптарын орындау және табиғи өсуді қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер және жануарлар дүниесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» әзірленген Заң жобасының шеңберінде Орман кодексінде бекітілмеген учаскелерде мемлекеттік орман иеленушілердің басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді жүргізуі бөлігінде норма көзделген.

Осы заң жобасы қабылданғаннан кейін орман мекемелеріне басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуден алынатын сүректі дайындау және сату құқығы берілетін болады.

А. Мырзахметов